

Өмірінің соңғы күндерінде Е.Бөкетов орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің Баркалай де Толлиге арналған “Қолбасшы” (“Полководец”) атты өлеңін қазақшаға тәржімалдаған. Аударманы түп нұсқасымен салыстырғанда Е.Бөкетовтың ақындық қуатын жаңа қырынан көргендей боласың. Оның жазу столынан ұлы математик С.В.Ковалевскаяның өлеңдері табылған. [5],[6].

Академик Е.Бөкетовтың есімін ел есінде мәңгілік қалдару үшін кейінгі жылдары оның әдебиет саласындағы еңбектері жарияланып жатыр. Ғалымның мұрагер інісі Қамзабай Бөкетовтың белсене араласуымен “Көкейкесті” атты шығармасы 2000 жылы “Қазақстан” баспа үйі” серіктестігінен жарық көрді. Бұл кітапта Е.А.Бөкетовтың тірі кезінде жазылып осы кезге дейін жарық көрмеген бір топ сын мақалалары, естеліктері, жол сапар хикаялары қазақ және орыс тілінде енгізілген. Ғалымға ғылым мен техника саласындағы КСРО Мемлекеттік сыйлығы, Қызыл Труд Ту ордені, «Ерен еңбегі үшін» мерейтойлық медалі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екі Құрмет грамотасы берілген болатын. Ол 1983 жылдың 13 желтоқсанында Қарағанды қаласында қайтыс болды.[1],[7].

Евней Бөкетовтің еңбегі - тек ғылымға ғана емес, жалпы қоғамға сіңген үлес ретінде бағаланады. Оның зерттеулері металлургия мен химия саласында жаңа технологияларды қалыптастырып, өндіріс процесін жетілдіруге жол ашты. Ол жаңалыққа ұмтылған, тәжірибеге негізделген ғылыми ойларды іске асыра білген тұлға болды. Ғылыми ізденістерінен бөлек, Бөкетовтің қызметі - педагогикалық миссиямен де ерекшеленді. Ол шәкірт тәрбиелеуде жауапкершілік пен шынайылықты үлгі етті, білім мен ғылымның құндылығын ұрпаққа ұғындырды. Оның ұстаздық жолы - білім мен тәрбие арасындағы нәзік байланысқа мысал, әр шәкірт үшін өмір бойы бағыт-бағдар беретін жол. Сондай-ақ, Бөкетовтің еңбегі тек ғылыми тәжірибемен шектелмей, әдебиет пен мәдениетке де баға жетпес үлес қосқанын көрсету керек. Ол аудармалары, публицистикалық мақалалары және сын еңбектері арқылы қазақ және орыс мәдениеті арасындағы көпірді күшейтті, шығармашылық ізденіс пен ой-пікірдің дамуына ықпал етті. Евней Бөкетовтің өмірлік ұстанымы - еңбекқорлық, ізденімпаздық және жауапкершілік. Ол ғылым мен мәдениеттің шынайы үйлесімін көрсеткен, ұрпаққа үлгі болатын тұлға. Оның ғылыми жаңалықтары мен әдеби еңбектері қоғамның интеллектуалдық және рухани дамуына маңызды қадам болды. Евней Бөкетов - қазіргі және болашақ ұрпақ үшін шабыт көзі, ғылым мен мәдениеттің арасындағы алтын көпір. Оның мұрасы, ізденісі және кәсіби адалдығы әрқашан есте сақталады, ал өмірлік ұстанымы - әр оқырманға үлгі бола алатын құнды сабақ!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Евней Букетов: Трагедия светлой судьбы / М. С. Сарсеке. - Мәскеу : Молодая гвардия, 2007. - 603 б.
2. Е.А. Бөкетовтың ғылымға қосқан үлесі - Ulagat.com, 24.12.2020.
3. Евней Букетов өмірбаяны - DailyKaz ақпараттық порталы, 27.02.2019.
4. ЕВНЕЙ БУКЕТОВТИҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ҚЫРЫ - «Мәдени мұра» журналы, № 4 (95), 2021.
5. The research of Academician E. Buketov in the field of metallurgy and chemical technology - Atyrau University, 17.02.2025.
6. The Century of the Scholar: The Legendary Buketov - «Adugna» ұлттық порталы, 24.03.2025.
7. Е.А. Бөкетов туралы ақпараттық кітап көрмесі - Қостанай қаласы білім бөлімі (мектеп кітапханасы), 2024.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ - XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ІРІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Жанбекқызы Д.Х

Ғылым жетекшісі:Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің доценті,
т.ғ.к., профессор, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
khamitzhanova06@icloud.com
Қарағанды қ.

XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін тарихи бетбұрыс кезеңі болды. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты тереңдеп, жер мәселесі ушығып, ұлттық тіл, дін, мәдениет қысымға ұшырады. Қазақ халқы өзінің байырғы әлеуметтік құрылымынан, мәдени болмысынан айырылу қаупімен бетпе-бет келді. Осындай күрделі жағдайда ұлтты аман алып қалудың жалғыз жолы - саяси ояну, ұлттық сананы

калыптастыру және тәуелсіздік үшін күрес болды. Бұл міндетті өз мойнына алған қазақ зиялылары тарих сахнасына шықты. Сол зиялылардың алдыңғы шебінде тұрған аса көрнекті тұлғаның бірі - Міржақып Дулатұлы. Ол тек ақын немесе ағартушы ретінде ғана емес, қазақтың ұлттық азаттығы үшін бар өмірін арнаған саяси күрескер, қоғам қайраткері, ұлттық идеолог ретінде танылды. Оның шығармашылық және қоғамдық қызметі Алаш қозғалысымен тікелей байланысты болды. Міржақып Дулатұлының басты миссиясы - қазақ халқының оянуына, ұлттық тұтастығын сақтауға, дербес ел болуына жол ашу еді. Ол бұл мақсатты тек сөз жүзінде емес, нақты әрекеттері, саяси қызметі, публицистикасы арқылы жүзеге асырды. Оның әрбір мақаласы, әрбір ойы, әрбір ісі қазақ халқының тағдырымен тығыз өріліп жатты. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты - Міржақып Дулатұлының XX ғасырдағы азаттық қозғалысындағы тарихи рөлін жан-жақты ашып көрсету, оның саяси-идеологиялық көзқарасын және ұлт азаттығы жолындағы күресін архивтік және әдеби деректер негізінде көрсету. Зерттеу барысында негізгі дереккөз ретінде «Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы» (I том, 2004) және Міржақып Дулатұлының «Шығармалары» (2-том, 1997) пайдаланылды.

Міржақып Дулатұлы - Алаш қозғалысының негізгі тұлғаларының бірі.

Міржақып Дулатұлының тарихи рөлін толық түсіну үшін оны Алаш қозғалысымен біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажет. Алаш қозғалысы - қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ең ірі саяси-ұлттық ұйымы болды. Оның басты мақсаты - ұлттық автономия құру, жер мен тілдің тұтастығын сақтау, қазақ халқын отарлық тәуелділіктен құтқару еді. Бұл қозғалыстың өкілдері қатарында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы ерекше орын алады. Ресми құжаттарда олардың есімдерінің бір қатарда аталуы бекер емес. Мәселен, Алаш қозғалысына қатысты съезд материалдарында Дулатұлы Ә. Бөкейхан және А. Байтұрсынұлымен бірге көрсетіледі [1, 287-288 б.]. Бұл - оның қозғалыстың ең маңызды көшбасшыларының бірі болғанының нақты тарихи дәлелі. 1917 жылы жарияланған «Қазақ съезі» атты мақаласында Міржақып Дулатұлы қазақ халқының болашағын шешетін тарихи жиынның маңызын терең түсіндірді. Ол жалпыұлттық бірліксіз, саяси ұйымшылдықсыз қазақ халқына бостандық келмейтінін ашық жазды [1, 380-381 б.]. Бұл ойынан оның ұлттық тәуелсіздіктің саяси жолын нақты түсінгенін көреміз. Сонымен қатар «Торғай уезіндегі көңілсіз жағдай» атты мақаласында Міржақып жергілікті халықтың басынан өткеріп жатқан ауыр тұрмысын, әділетсіз жүйенің зардабын бүкпесіз жеткізеді. Ол қазақтарды күштеп әскерге алу, қорлау, қорлық көру жағдайларын сынап отырып, әділетсіз билікке қарсы ашық үн қатты [1, 187-188 б.]. Бұл оның қарапайым халықтың сөзін сөйлеген нағыз халық қайраткері екенін дәлелдейді.

Міржақып Дулатұлы және отаршылдыққа қарсы күрес.

Міржақып Дулатұлының қызметі патшалық үкімет үшін аса қауіпті деп танылды. Бұл Ресей шенеуніктерінің ресми құжаттарында да анық көрсетілген. Онда:

«Мир-Якуб Дулатов киргизский народ призывает к освобождению...» - деп жазылған [1, 96-98 б.]. Бұл дерек Дулатұлының ұлт-азаттық бағыттағы қызметінің қаншалықты күшті болғанын көрсетеді. Патша үкіметі оны жай ғана жазушы немесе журналист емес, халықты оятушы, күреске бастайтын идеолог ретінде қабылдады. 1917 жылғы «Құрылтай депутаттығынан шығатынын мәлімдеген ашық хатында» Міржақып жеке басының мүддесінен жоғары тұрып, бар күш-жігерін халыққа қызмет етуге арнайтынын мәлімдейді. Бұл хатта оның жоғары азаматтық жауапкершілігі, саяси мәдениеті анық көрініс табады [1, 418 б.]. Осы арқылы ол өзіне жүктелген тарихи жауапкершілікті терең сезінген тұлға екенін дәлелдейді. Оның әрекеті - нағыз мемлекетшіл тұлғаның үлгісі.

Міржақып Дулатұлы - ұлттық тіл мен рухтың қорғаушысы.

Міржақып Дулатұлының күресі тек саяси еркіндік үшін шектелген жоқ. Ол ұлттың ең басты тірегі - тіл мен руханият екенін өте жақсы ұқты. Оның «Қазақ тілінің мұңы» атты мақаласы осының дәлелі. Бұл шығармада ол қазақ тіліне төнген қауіп туралы жанайқайын білдіреді. Тілдің шұбарлануы, ана тілінің қор болып, өзге тілдердің үстемдік етуі оған ауыр соққы болғанын ашық жазады [2, 309-310 б.]. Оның бұл мақаласы - тек әдеби шығарма ғана емес, нағыз ұлттық манифест. Ол тілді - ұлттың жүрегі деп түсініп, халқын оятып, тілін қорғауға шақырады. Бұл да оның азаттық үшін күресінің рухани бағытын көрсетеді. Осылайша Міржақып Дулатұлы саяси тәуелсіздік пен рухани тәуелсіздікті бір бүтін ұғым деп қарастырған.

Міржақып Дулатұлы және қазақ қоғамындағы ұлттық жаңғыру процесі.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы күрделі тарихи өткелден өтті. Көшпелі өмір салты әлсіреп, жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастар қалыптасып, дәстүрлі билік жүйесі өзгеріске ұшырады. Осындай өтпелі кезеңде халықтың ішкі құрылымында дағдарыс белгілері байқалды. Ел ішінде білімсіздік, алауыздық, руға бөліну, саяси бейқамдық сияқты жағымсыз құбылыстар кең тарады. Бұл - отарлық басқарудың ұзақ жылдар бойы жүргізген саясатының тікелей салдары еді. Міржақып Дулатұлы осы мәселелерге ерекше назар аударып, өзінің мақалалары мен еңбектерінде қазақ

қоғамының ішкі кемшіліктерін ашық сынады. Ол халқына тек сыртқы жаудан ғана емес, өз ішіндегі енжарлық пен надандықтан да арылу қажеттігін түсіндірді. Оның көзқарасы бойынша, қазақтың бостандығы ең алдымен санадан басталуы тиіс еді. Сондықтан ол халықты білім алуға, өркениетті елдердің қатарына қосылуға шақырды. Оның «Оян, қазақ!» атты еңбегі бұл тұрғыда ерекше орын алады. Бұл шығармада тек патша өкіметінің саясаты ғана емес, қазақ халқының өз ішіндегі кемшіліктері де сыналады. Автор халықты «ұйқыдан оянуға», отырықшылыққа, білімге ұмтылуға, заманға бейімделуге үндейді. Мұндағы негізгі ой: «Халық өзгермейінше, қоғам өзгермейді» деген тұжырымға саяды. Міржақып Дулатұлы қазақ қоғамындағы осындай жаңғыру идеясының негізгі идеологтарының бірі болды. Оның еңбектері арқылы қазақ халқы жаңа тарихи кезеңге қадам жасауға рухани тұрғыда дайындала бастады. Сол себепті оны тек саяси қайраткер емес, ұлттық жаңғырудың жаршысы деп бағалауға толық негіз бар.

Міржақып Дулатұлының тарихи тұлға ретіндегі ерекшелігі.

Қазақ тарихында қоғам қайраткерлері көп болғанымен, Міржақып Дулатұлының орны ерекше. Оның ерекшелігі бірнеше қырынан байқалады.

Біріншіден, ол - әмбебап тұлға. Яғни ол тек бір салада ғана емес, бірнеше бағытта қатар қызмет атқарды: ақын, жазушы, публицист, педагог, саясаткер, қоғам қайраткері. Бұл оның қазақ қоғамына ықпалының кең болғанын көрсетеді. Екіншіден, ол - ұстанымы берік тұлға. Қандай жағдайда да ұлттық мүддеден бас тартпаған. Қудалауға ұшыраса да, түрмеге қамалса да, өзінің ұлтқа деген адалдығынан айнымаған. Мұндай табандылық - нағыз зиялыға тән қасиет. Үшіншіден, Міржақып - жауапкершілікті терең сезінетін азамат болған. Оның ашық хаттарында, мақалаларында жеке басының пайдасынан гөрі халықтың тағдырына алаңдау басым. Бұл оның адамгершілік тұлғасын да аса жоғары деңгейге көтереді. Осы қырлары арқылы Міржақып Дулатұлы қазақ тарихындағы ең көрнекті әрі қадірлі тұлғалардың қатарына енеді. Оның есімі тек өткен тарихта ғана емес, бүгінгі ұрпақ санасында да еркіндік пен әділдіктің, ұлттық ар-намыстың символы ретінде сақталуға тиіс.

Міржақып Дулатұлы мұрасының қазіргі Қазақстан жастарына ықпалы.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу ерекше маңызға ие. Себебі өткен тарихты терең түсіну - болашаққа дұрыс бағыт таңдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы қазіргі жастарға үлкен өнеге береді. Оның елге деген махаббаты, жауапкершілігі, білімге, әділетке деген ұмтылысы бүгінгі ұрпақ үшін маңызды құндылықтар болып табылады. Міржақып Дулатұлы жастарды тек ғылым-білімге ғана емес, ұлттық санаға, отансүйгіштікке, рухани беріктікке тәрбиелейді. Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру», «Ұлы Дала мұрасы», «Ұлттық код» сияқты мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл идеялардың негізінде жатқан басты мақсат - ұлттық болмысты сақтау, тарихи тұлғалардың мұрасын жаңғырту. Осы тұрғыдан алғанда, Міржақып Дулатұлының мұрасы - сол бағдарламалардың рухани негіздерінің бірі. Оның еңбектерін мектеп бағдарламасына енгізу, ғылыми конференцияларда зерттеу, кітаптарын қайта басып шығару - ұлт санасын нығайтудың және тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің бір жолы болып табылады.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында ұлттық баспасөздің пайда болуы - тарихи маңызы зор құбылыс болды. Сол кезеңде қазақ халқы үшін газет пен журнал тек ақпарат көзі ғана емес, ұлттық сананы қалыптастыратын, халықты оятып, бірлікке, күреске шақыратын басты құралға айналды. Бұл үдерісте Міржақып Дулатұлы ерекше рөл атқарды. Ол Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейханмен бірге «Қазақ» газетінің айналасында бірігіп, қазақ қоғамының күрделі мәселелерін көтерді. Газет бетінде саяси мәселелер, жер дауы, оқу-ағарту, әйел теңдігі, тіл, дін, ұлттық бірлік мәселелері кеңінен талқыланды. Мұндай тақырыптар арқылы ұлттық сана жаңа деңгейге көтеріле бастады. Міржақып Дулатұлы баспасөзді халықты тәрбиелеудің ең тиімді құралы деп түсінді. Оның мақалалары өткір сынға, нақты дерекке және ұлттық мүддеге негізделді. Ол қоғамдағы әділетсіздікті ашық көрсетіп, халықты құқықтық сананы қалыптастыруға шақырды. Бұл оның тек қоғам қайраткері емес, ұлттық журналистиканың негізін қалаушылардың бірі екенін көрсетеді.

Ұлттық баспасөз арқылы Міржақып Дулатұлы қазақ қоғамында жаңа ойлау жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Ол халықты заман ағымын түсінуге, білім алуға, әділеттілікке талпынуға бағыттады. Бұл - оның тарихи рөлін одан әрі тереңдете түседі.

Міржақып Дулатұлының ағартушылық қызметі.

Міржақып Дулатұлы азаттық идеясын тек саяси күреспен байланыстырып қойған жоқ. Ол халықтың шынайы тәуелсіздігі ең алдымен білім мен тәрбие арқылы жүзеге асатынына терең сенді. Сол себепті ол ағартушылық қызметті өзінің басты бағыттарының бірі деп білді. Ол қазақ мектептерінде оқыту жүйесін жетілдіру, ұлттық мазмұндағы оқулықтар жазу мәселесіне ерекше назар аударды. Уақыт талабына сай білім жүйесін қалыптастыру қажеттігін түсініп, балалардың ана тілінде

сауат ашуын маңызды деп санады. Оның мақсаты - сауатты, көзі ашық, ел тағдырына жауапкершілікпен қарайтын жаңа ұрпақ тәрбиелеу болды. Міржақып Дулатұлының ағартушылық идеялары қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті азайтуға бағытталды. Ол білімсіздік - отарлық саясаттың ең тиімді қаруы екенін түсініп, халықты білім арқылы құлдықтан арылуға үндеді. Оның көзқарасында білім - ұлттың болашағын анықтайтын негізгі күш ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, Міржақып Дулатұлының ағартушылық қызметі бүгінгі білім беру жүйесімен де үндес келеді. Қазіргі Қазақстандағы білім саласын дамыту бағытындағы реформалар да оның кезінде айтқан идеяларымен сабақтасып жатыр. Сондықтан оны қазақ ағартушылығының көрнекті өкілі ретінде қарастыру орынды.

Міржақып Дулатұлы мұрасының тәуелсіз Қазақстандағы орны.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан тарихындағы көптеген әділетсіз бағалар қайта қаралып, бұрын «ұлтшыл», «халық жауы» деп жазаланған Алаш қайраткерлері ақталып, халқымен қайта табысты. Осы ұлт зиялыларының бірі - Міржақып Дулатұлы. Бүгінде оның есімі мектептерде, университеттерде, ғылыми конференцияларда жиі аталып, еңбектері оқылып, зерттеліп жатыр. Оның күрес жолы тарихи сананы жаңғыртуға көмектесетін рухани тірекке айналды. Бұл - тарихи әділеттің орнауының жарқын көрінісі. Міржақыптың өмірі бүгінгі жастар үшін үлкен өнеге. Оның қайсарлығы, табандылығы, білімге, ұлтқа деген махаббаты - қазіргі ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Сондықтан оны тек өткеннің тұлғасы емес, қазіргі жас ұрпақтың рухани ұстазы деп бағалауға болады. Бүгінгі таңда Міржақып Дулатұлы туралы көркем фильмдер, деректі жобалар, ғылыми мақалалар, зерттеу еңбектері көбейіп келеді. Бұл қоғамда оның тарихи тұлғасы қайта жаңғырып жатқанын дәлелдейді. Оның өмір жолы - қазақ халқының тағдыр жолының бір бөлігі. Ал оның арманы - тәуелсіз, білімді, саналы ұлт көру еді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан - сол арманның жемісі.

Қорытынды.

Міржақып Дулатұлы қазақтың XX ғасырдағы азаттық қозғалысында ерекше тарихи рөл атқарған тұлға. Ол Алаш қозғалысының идеялық тірегіне айналып, ұлтты біріктіру жолында аянбай еңбек етті. Оның саяси батылдығы, азаматтық ұстанымы және рухани тереңдігі оны жай ғана қайраткер емес, ұлт көшбасшысы деңгейіне көтерді. Ол отаршыл саясатқа ашық қарсы шықты, халқын оятты, әділетсіздікке үн қатты. Сонымен қатар қазақ тілін, ұлттық мәдениетті сақтап қалуды басты парыз деп білді. Оның еңбектері бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін де аса құнды рухани мұра болып табылады. Сондықтан Міржақып Дулатұлы - тек XX ғасырдың ғана емес, мәңгілік қазақ тарихының алып тұлғасы, еркіндік символы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. I том (сәуір 1901 - желтоқсан 1917). - Алматы: «Алаш» баспасы, 2004. - 552 б. - 96-98 б.; 187-188 б.; 287-288 б.; 380-381 б.; 418 б.
2. Дулатұлы М. Шығармалары. 2-том. Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: «Ғылым», 1997. - 344 б. - 309-310 б.

EXPERINCES OF KAZAKHSTANI ALUMNI: THEIR SUGGESTIONS AND RECOMMENDATIONS

Anel Zhumanova, Diana Dyussenbayeva, Dulat Korkem

Scientific Supervisor: Arman Assanbayev, a Ph.D in Education,
Astana International University Higher School of Arts and Humanities
anelya20074@gmail.com, dianadiusenbayeva@gmail.com

kkopkem@gmail.com

Astana, 2025

Chapter 1. Introduction

1.1 Background of the study

This study presents the experiences of Kazakhstani graduates of the Future Leaders Exchange (FLEX) program, which was launched in 1992 by the US government. Post-Soviet countries participated in this program, including Kazakhstan, which needed to succeed and develop as a newly independent country. The FLEX program met this need for modernisation of education and international cooperation.

Under this program, high school students are allowed to spend one academic year in the United States. They can attend local schools and live with host families. However, participants are selected through a three-